

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің экономика және құқық факультетінің «Қаржы және есеп» кафедрасы **2016 жылдың 30 қарашасы** күні мектеп оқушыларының 10-11 сыныптары арасында бухгалтерлік есеп бойынша облыстық Олимпиада өткізеді.

Олимпиада мақсаттары:

- оқушылардың бухгалтерлік есепке танымдық қызығушылықтарын арттыру;
- бухгалтерлік есеп бойынша қосымша білім алу;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың өзіндік жұмысын белсендіру.

Олимпиада міндеттері:

- экономикалық ғылымдарға қызығушылық тудыру;
- мектеп бітірушілердің бухгалтерлік есеп бойынша білім деңгейін айқындау;
- оқушылардың шығармашылық, зияткерлік мүмкіндіктерін анықтау.

Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

- бірінші кезең - іріктеу, 2016 жылдың 15-25 қараша аралығында қашықтықтан білім беру технологиясын қолдану арқылы сырттай өткізіледі. Олимпиадаға қатысушы ұсынылған талаптарға сәйкес бухгалтерлік есеп іліміне кілт сөздерді қолдана отырып (баланс, еңбек ақы, салықтар, материалдар, ақша қаражаттары, табыс, шығыс, девальвация, дебиторлық және кредиторлық қарыздар, өнімнің өзіндік құны, дайын өнім, пайда, зиян) эссе дайындау қажет. Эссені сараптық бағалау нәтижесінде олимпиаданың екінші қорытынды кезеңінің қатысушыларын комиссия анықтайды.

Эссеге талаптар:

1. Жұмыс эссе жанрына сәйкес болу қажет.
2. Мәтін (3 бетке дейін), кеглі 14, шрифт «Times New Roman», интервал 1, беттің жан-жағы 2 см. Құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды; тақырыбы беттің ортасына. Эссені көрсетілген уақыттан кешіктірмей келесі электрондық мекен-жайға жіберу қажет: [Kaf Fin Uch @vkgu.kz](mailto:Kaf_Fin_Uch@vkgu.kz).

Эссе келесі критерийлер бойынша бес баллдық жүйемен бағаланады:

- мазмұны;
- кілт сөздерді қолдану;
- эссенің негізгі ережелерін дәлелді мазмұндау;
- өз ойын көрсету және ұйымдастыру мүмкіндігі;
- тіл байлығы, сауаттылығы.

— екінші кезең – қорытынды, 2016 жылдың 30 қарашасында күндізгі формада келесі мекен-жайда өткізіледі: Өскемен қаласы, Крылов көшесі, 72 (С.Аманжолов атындағы ШҚМУ № 9 оқу корпусы, 501 аудитория).

Екінші кезеңнің тапсырмалары:

1. Өзі туралы презентация қалауынша музыкалық қолдау. Уақыты – 3 минутқа дейін. Максималды - 10 балл.

Бағалау критерийлері:

- Сайыстың мақсатына сәйкестігі, тақырыпты ашуы – 3 балл.

- Ұсынылған композицияның біртұтастығы – 2 балл.
- Музыкалық және көркемдік жағдайы– 2 балл.
- Регламенттің сақталуы – 1 балл.
- Көркемділігі, қызықтылығы -2 балл.

2. Ғылыми жоба дайындау. Тақырыбы: «Инвесторларға Қазақстан қолайлы инвестициялық климат».

Уақыты – 7 минутқа дейін. Максималды - 20 балл.

Бағалау критерийлері:

- Тақырыптың мақсатқа сәйкестігі мен бейнеленуі – 5 балл.
- Өзектілігі – 5 балл.
- Ғылымилығы – 5 балл.
- Көркемділігі – 3 балл.
- Регламенттің сақталуы – 2 балл.

3. 5-10 сөзден тұратын экономикалық терминдерден кроссворд құрастыру. Уақыты – 10 минут. Максималды - 10 балл: 1 сөз- 1балл.

4. Бухгалтерлік есеппен байланысты экономикалық терминдерден тестілеу. 10 сұрақ. Максималды - 10 балл.Тестілеу қағаз түрінде, уақыты – 10 минут.

5. Бухгалтерлік есептің шығу тарихымен байланысты әңгіме (тақпақ , өлең) құрастыру. Уақыты – 2 минут. Максималды – 10 балл.

Бағалау критерийлері:

- кәсіби бағыты – 2 балл;
- қызықтығы – 3 балл;
- тізбектілігі – 3 балл;
- сауаттылығы – 2 балл.

Олимпиаданың қорытынды кезеңінің өткізілу регламенті:

09.00-09.30 – олимпиадаға қатысушыларды тіркеу;

09.30 – олимпиаданың салтанатты ашылуы;

09.45 – олимпиаданың басталуы;

11.45-12.15 – оқушыларға, мұғалімдерге кәсіптік бағдар беру жұмыстары;

12.15- 12.45 – олимпиаданы қорытындылау және жабу, марапаттау.

Қорытынды кезеңнің қатысушыларын тіркеу С.Аманжолов атындағы ШҚМУ № 9 оқу корпусының 501 кабинетінде **2016 ж. 30.11** сағат 09.00 - 09.30 болады.

Олимпиада өткізу тілі: қазақ, орыс

Қатысушыларды марапаттау:

Олимпиада жеңімпазы 1 және 2 кезең қорытындысы бойынша ең көп мөлшерде балл жинаған 11 сынып түлегі Гран-При дипломымен марапатталады. Жеңімпаз ҰБТ сертификаты 70 және одан жоғары балл болса, университетте **1 жыл оқу мерзімін** 100 % тегін оқу құқығы беріледі. Грант - үміткер тек 5B050800 - «Есеп және аудит» мамандығын таңдап қабылданған жағдайда университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен тағайындалады.

Олимпиада ұйымдастырушылары: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің «Қаржы және есеп» кафедрасы. Мекен-жайы: Крылов көшесі, 72, 407-дәрісхана.

Байланыс телефоны: 8(7232)252465.

Өтініш үлгісі

10-11 сыныптары арасында бухгалтерлік есеп бойынша облыстық олимпиадасына өтінімі Өскемен қаласы С.Аманжолов атындағы ШҚМУ 2016 ж. 30 - қарашасы	
Мектеп №, сынып	
Қатысушының аты-жөні	
Қатысушының мекен-жайы, e-mail	
Жетекшісінің аты-жөні, электрондық адресі, байланыс телефоны (мұғалім)	
Мектеп директорының аты-жөні (байланыс телефоны)	

**С.Аманжолов атындағы ШҚМУ
қаржы және есеп кафедрасының
меңгерушісі**

А.А.Апышева

**С.Аманжолов атындағы ШҚМУ
экономика және құқық
факультетінің деканы**

А.Ғ.Мухамедиева

**Маркетинг және жоғары оқу
орнына дейінгі дайындау
орталығының жетекшісі**

С.К.Искакова